

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы шағын орталық

Топ: ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.04 - 05.04.2024ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу.
	"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы. (педагог сөздерін өзі	Құрастырудан ойын-жаттығу "Зымыран".	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу	«Ұшақтар» саусақ жаттығуы Қане, қанат	Үстел үсті ойыны. «Есіңе сақта». Балаларға 5 әртүрлі сурет

	<p>айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды).</p> <p>Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары)</p> <p>Ғарышкер боламыз. (жұдырықтарды түйіп шынтақты бұғу)</p> <p>Бір аяқты өткізіп, (қол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады)</p> <p>Екіншіні саламыз. (қол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады)</p> <p>Қолды жеңге өткізіп, (бір қолды бұғулі қалыптан ашып, созу)</p> <p>Қолды жеңге өткізіп, (екінші қолды бұғулі қалыптан ашып, созу)</p> <p>Сыдырманы жүргізіп, (бір қолдың саусақтарын жинақтап, дене ортасы бойымен төменнен жоғарыға</p>	<p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды текшелер мен призмалар арқылы зымыранды құрастыруға үйрету; текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, бағанды қалап, призмаларды баған үстіне қойып, жақтарын тіреу амалдарына машықтандыру.</p>	<p>"Ұшақ ойыншығымен танысу".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың ұшақтың ерекшеліктері мен бөлшектері арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; әуе көліктерін ажыратып, атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен ұшақ бөлшектеріне тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту.</p>	<p>жазайық, Ұшақ боп ұшайық. Ұшып - ұшып алайық, Орнымызға қонайық. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Кім жылдам?</p> <p>Жаңылтпаштан жаңылма:</p> <p>Көк аспанда жұлдыз бар, Мөлдір суда құндыз бар. Жұлдыз түнде жылтырар, Құндыз түнде жылтырар.</p>	<p>көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын айтады. Педагог балалардың қаншалықты естеріне сақтағандарын байқайды.</p>
--	---	---	---	--	--

	<p>жүргізу) Киеміз скафандрды. (екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне жауып салу, екі бетті екі алақанмен тіреп, баспен шайқау)</p> <p>Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>				
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).</p> <p>1. Бастапқы қалып - аяқ алшак, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ алшак, дене тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып.</p> <p>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</p> <p>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p>				

	<p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Сабындаған кезінде Ашытады көзіңді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзінді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек,</p>	<p>«Дос болайық бәріміз» Ойынның мақсаты: ұжымда бірлікті қалыптастыру. Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді: - орындыққа көтерілу және түсу; - үстелдің астынан өту;</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз,</p>	<p>"Алтын микорофон" арқылы тақырыпқа байланысты сұхбат жүргізу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>«Сиқырлы дүрбі» Ойынның мақсат-міндеттер: топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру. Тәрбиеші балаларға «сиқырлы дүрбіні» көрсетеді және балаларға дүрбімен біреуге қараған кезде тек оның жақсы жақтары ғана көрінетінін түсіндіреді. Алдымен тәрбиеші дүрбімен қарап, топтағы бір баланың жағымды қасиеттерін атай отырып, үлгі көрсетеді. Содан кейін балалар дүрбімен құрдасына қарайды да, оның</p>

	<p>Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>- «көлді» айналып өту»; - «ну орман» арқылы өту»; - «жабайы жануарлардан» жасырыну. Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.</p>	<p>Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. (сөйлеуді дамыту)</p>		<p>жақсы жақтарын көріп тұрғанын және ол қандай қасиеттер (мейірімді, әдепті, қамқор және т.б.) екенін айтады.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Ғарыш деген ғажайып". Мақсат-міндеттер. Балаларда екі аяқпен тура секіру дағдыларын қалыптастыру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты екі қолмен домалату дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Дене шынықтыру "Ғажайып ғарыш". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жіптен екі аяқпен секіруге үйрету.</p>	<p>Музыка</p>	<p>Дене шынықтыру "Айтшы, ғарыш алыспа?" Мақсат-міндеттер. Балаларды тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру дағдысын дамыту; доғаның астымен өрмелеу(еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру; негізгі қимылдарды</p>	<p>Қазақ тілі «Ғарышкер деген кім?» Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін кеңейту; Қазақстанның алғашқы ғарышкері - Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров туралы мәлімет беру.</p>

				орындауға ынталандыру.	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ауа-райының өзгеруі туралы түсініктерді нығайтуды жалғастыру; жел, оның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; желдің бағытын анықтауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы сыпыру).(еңбек</p>	<p>Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құстарға қамқорлық жасауға деген ұмтылысты дамыту; құстардың атауын және олардың дене мүшелерінің атауларын атауға үйрету; құстардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба білуге жаттығу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек</p>	<p>Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: жылдың осы уақытында құстардың мінез-құлқы туралы түсініктерін кеңейту, білімді жаңа сөздермен, ұғымдармен байыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды</p>	<p>Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бақшадағы жолдарды тегістеу). Мақсат-міндеттер: ұлдарға қыздарды құрметтеуге, ауыр жұмыс істеуге үйрету</p>	<p>Талды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: талдың өзіне тән белгілерімен таныстыру; талды басқа ағаштар мен бұталардан ажыратуға үйрету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қоқыстардан тазарту).(еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрену, тапсырманы күш-жігермен орындау. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түзу жолмен жүреміз тура",</p>

	<p>дағдылары) Мақсат-міндеттер: жұмыс істеуге деген құштарлықты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Желден жылдам", "Кім жоғары?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ары қарай секір". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіріп барып ұзындыққа секіруді үйрету.</p>	<p>тапсырмалары (қоқыстарды жолдардан тазарту).(еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: күрекпен жұмыс жасауға үйрету; еңбекке деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі бағдарлауды үйретуді жалғастыру, бір-біріне соқтығыспау қабілетін дамыту; педагогтің бұйрығын тыңдау; достық қарым-қатынасты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</p>	<p>жинау).(еңбек дағдылары) Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қимылдарды мәтінмен үйлестіре білуге жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің әр түрлі бағыттағы белгісі бойынша жылдам жүгіру қабілетін бекіту.</p>	<p>(құм шелектерін көтеру). Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, баспалдақпен жүру, кедергілерден секіру қабілеттерін бекіту.</p>	<p>"Маған қарай жүгіріндер". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: баяу тузу жолмен жүруді, секіргенде тізе бүгуді үйрету, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге, мұғалімнің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, допты жоғары лақтыру (қолды емін-еркін қимылдату).(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ептілікпен төзімділікті дамыту.</p>
--	--	--	--	--	---

		<p>қозғалыстарды дамыту: "Жалаушаға дейін жүгір". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>жүгіру жылдамдығын дамыту.</p>			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Сабындаған кезінде Ашытады көзінді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзінді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Біртіндеп ұйқыдан	Ұйқыашар жаттығулары.				

<p>ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. (дене шынықтыру)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жиһаздар дүкені" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды жиһаздарды сипаттау тәртібімен таныстыру, жиһаздардың қасиеттері мен қолдану аясы туралы мәліметтер беру. "Ғарышкер" қимылды ойыны. Педагог: - Балалар, бүгін жаңа ойын ойнаймыз. Ойынымыз "Ғарышкер"</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Зымыран". Мақсат-міндеттер. Балаларды тіке жатқан қағаз бетіне зымыран суретін салуға үйрету; қағаз ортасына үлкен сопақша пішінін, бір нүктеден бастап, қарындашты қағаз бетінен алмай, сопақша ізімен жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізу амалын қайталау.</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Ғарышкерлердің жаттығулары". Мақсат-міндеттер. Балалардың дыбыс, қимыл саны туралы түсініктерін қалыптастыру, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең", "саны біреу", "саны көп" ұғымдарын түсінуін жетілдіру; ғарышкер мамандығы туралы мағлұмат беру.</p>	<p>Музыкадан ойын-жаттығу "Ғарыш әлемі". Мақсат-міндеттер. Балалардың жаңа әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканы тыңдау</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ұшақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды әуе көлігі ұшақпен таныстыра отырып, ұшақтың маңызы туралы мәліметті зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету; ұшақтың адамдар өміріндегі мәнін түсіндіру және ұшақтың құрылысымен таныстыру; ұшақ туралы сөздерді балалардың өздеріне қайталай білуге дағдыландыру. "Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны.</p>

<p>деп аталады. Мен сендерді ойынның ережесімен таныстырамын, мұқият тыңдап алыңдар. "Ғарышкер" ойынында педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың балалары екі жақта тұрып, педагогтің белгі беруі бойынша тапсырмаларды орындаулары тиіс. Педагог ғарышкердің әрекеттері туралы сөзбен айтады (ғарышкер ауада қалқиды, ғарышкер аспанға ұшады, ғарышкер скафандр киеді, ғарышкер қолын бұлғайды) балалар сол қимылды қайталап отырады. Қай топтың балалары тапсырманы дұрыс орындайды, сол топ жеңген болып</p>	<p>Ұлттық ойын. Үш табан Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кенейтіледі. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды.</p>	<p>"Ұшты-ұшты" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (қол көтереді)</p>	<p>дағдысын меңгерту; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге және алақандарымен баяу немесе ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеуге үйрету.</p> <p>Қимылды ойындар "Ұшақтар". Балалар ұшақтардың рөлін орындайды. Олар залдың әр жеріне тұрады. Педагог: «Ұшуға дайындал!» деген белгі берген кезде, балалар қолдарын қозғалтып, «ұшақты оталдырады». «Ұшамыз!» деген белгі берілгенде қолдарын алға созып, залды айналып</p>	<p>Мақсаты: балаларды жүгірістен ұзындыққа секіруге, қолдың өткір толқынымен, теңгерімді сақтай отырып, серпілген аяғымен серпілдіріп жаттығу. Ептілікке, батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Алаңның ортасында бір-бірінен 70-100 см қашықтықта екі сызық жасалады, бұл арық. Алаңның бір жағында ешкілер үйі орналасқан. Ойыншылардың барлығы ешкі - біреуі қасқыр. Ешкі үйде, қасқыр шұңқырда. Тәрбиешінің «ешкі, шалғынға» деген белгісі бойынша ешкілер сайдың қарама-қарсы жағына, арықтан секіріп жүгіреді (қасқыр ешкілерге тимейді), «ешкілер, үйге қайт» деген белгі бойынша олар арықтан секіріп үйге жүгіреді. Қасқыр арықтан шықпай ешкілерді қолымен ұстап ұстап алады. Ұсталғандар арықтың соңына қарай шегінді. 2-3 жүгіруден кейін барлық ұсталғандар үйге</p>
--	--	---	---	--

	есептеледі. (дене шынықтыру)	Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.	Ұшты - ұшты қарға ұшты! (қол көтереді) (дене шынықтыру)	шашырап жүгіреді. «Қонамыз!» деген белгі берілген кезде, ұшақтар тоқтайды, жерге қонады (балалар бір тізесін бүгіп отырады). Ойын 5-6 рет қайталанады. (дене шынықтыру)	қайтарылады. Ұсталмағандардың арасынан тағы бір қасқыр тағайындалады. Ереже: шұңқырдан секіру. (дене шынықтыру)
Балалармен жеке жұмыс	Жұмбақтар жасыру. Орақ болып туады, Табак болып тынады. (Ай) Әлемнің бар екі күзетшісі; Бірі-күндіз тынығады, Бірі-түнде тынығады. (Күн мен ай) Бейнесі суда дірілдейді, Қармаққа бірақ ілінбейді (Ай) (сөйлеуді дамыту)	"Ғарышқа самғап ұшайық." - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы! Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп қолдарын жоғары-төмен қозғау), Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау). Қанаттарды кең		Жұмбақтар жасыру. Төрінде тұр нұр көзі, Жердің биік күмбезі.(Аспан) Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан.(Күн) Алып кілем - Гүлге толы Үсті кілең. (Жер) (сөйлеуді дамыту)	

		жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю), Ұшақ болып ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу"). - Зуууу! Зуууу! Балалар педагог соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)			
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Құралдар: сабын.				

	<p><i>Көркем сөз</i> Сабындаған кезінде Ашытады көзінді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзінді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ғарыш, жер-Ана, көктемгі ағаштар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінуді үйрету.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Өн айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p> <p>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Жеке</p>

	<p>жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (математика негіздері)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Психолог кеңесі. Мысалы: "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?"</p>	<p>Баланыз туралы не білу керектігі туралы әңгімелесу.</p>	<p>Кеңес: "Неліктен бала тыңдамайды?".</p>	<p>"Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?" тақырыбында әңгімелесу.</p>	<p>"Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме ұйымдастыру.</p>

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы :шағын орталық

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.04 - 12.04.2024ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Медбикеден кеңес. "Тазалық – денсаулық кепілі".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуға үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Даму орталықтарында кезекшілікті ұйымдастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.

	<p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Шарбақ жанында жатқан доп". Мақсат-міндеттер. Балаларда ауылдағы адамдардың тіршілік ерекшеліктері жөнінде ұғымдар қалыптастыру, шарбақ туралы түсініктерді тиянақтау, үй жануарлары туралы білімдерді жетілдіру.</p>	<p>"Біздің айналамызда не бар?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: екі және үш буынды сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін айтуға үйрету. Ойын барысы. Серуенде балалар айналасында бір бөлігі бар затты (шар, гүл, доп, үй, бақ), екі бөлігін (қоршау, бұталар, гүлдер, құм, шөп), үш бөлігін (әткеншек, веранда, қайың) іздейді. Әр жауап үшін бала жетон алады, ал жеңімпаз олардың санымен анықталады.</p>	<p>"Табиғатта не болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: етістіктің сөйлеу барысында қолданылуын бекіту, сөйлемдегі сөздердің келісімі. Барысы. Тәрбиеші допты балаға лақтырып, сұрақ қояды, ал допты қайтарған бала сұраққа жауап беруі керек. Ойынды тақырып бойынша ойнаған жөн. (сөйлеуді дамыту) "Өрмекші" саусақ жаттығуы. Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды (сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы), Өрмекші өрмек тоқиды (саусақтарын сыртылдатады),</p>	<p>"Аңдар не істей алады?" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттер. Балалардың аңдар мен құстардың қимылдарын байқауға, сәйкес еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, музыка)</p>	<p>"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту). Барысы: педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауға шақырады, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус - жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>
--	--	---	--	--	---

			<p>Нөсер кенет селдеткен (оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі), Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды), Күн шықты қайта жарқырап (екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі), Құрғады тез-ақ төңірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады), Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек. (сөйлеуді дамыту)</p>		
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен). 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.</p>				

	<p>1.2. Бастапқы қалып. 1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып - аяқ алшак, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермеп "жаса" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). (дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. <i>Көркем сөз</i> Екі қоян отырып, Сыр айтады жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз, Тісін берсін қасқырдың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>«Әдепті сөздер шеңбері» Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке,</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық</p>	<p>«Досынды тауып ал» Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>

	<p>мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.</p>	<p>ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қол алысып, кәне біз, Достасайық бәріміз Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір түру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты, Шашып бізге шапағын, Тілейміз сізге ақ таңның, Қуанышым,шаттығын Қайырлы таң! Қайырлы күн! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күннің көзі ашылып, Көкте шуақ шашылып Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой, Ал, кәнекей, бәріміз, Сәлем дейік үлкенге! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Ғарыш деген ғажайып". Мақсат-міндеттер.</p>	<p>Дене шынықтыру "Жер-ана құшағында". Мақсат-міндеттер.</p>	<p>Музыка</p>	<p>Дене шынықтыру "Жер-Ананы қадірлейік!" Мақсат-міндеттер. Балаларды екі аяқпен</p>	<p>Қазақ тілі «Жайылымда нелер жайылып жүр?». Үй жануарлары мен үй</p>

	<p>Балаларда екі аяқпен тура секіру дағдыларын қалыптастыру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты екі қолмен домалату дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қапшаны басына қойып, тіке жүруге үйрету.</p>		<p>секіруге (аяқтар алшақ) үйрету; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты тордан өткізе лақтыру іскерліктерін дамыту.</p>	<p>кұстары. Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа білуді, балаларға арналған қазақ тіліндегі тақпақтарды («Көшеде») мұқият тыңдауды, тақпақтар мен мазақтамалардың мазмұнын түсінуді, педагогтің үлгісі бойынша жатқа айтуды үйрету, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуды, оларды сұрақтарға жауап беруде қолдануды үйрету; төл сөздерді еркелетіп айтылған атауларына сүйене отырып анықтауды үйрету. Тақпақтар, мазақтамалар мен диалогтар мазмұнында жиі қайталанатын сөздердегі дыбыстарды есту арқылы қабылдауды дамыту; монологтық сөйлеуді, қиялын,</p>
--	--	---	--	--	--

					жағымды көңіл күйлерін білдіре алу қабілеттерін дамыту. Құрдастарымен тату ойнауға, шығармашылыққа баулу.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Жол қиылысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: бағдаршам туралы білімдерін бекіту; жаяу жүргіншілердің мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту; көшеде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарға ұя</p>	<p>Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ленталар көмегімен балаларды желдің күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, айту, қандай жел (күшті, әлсіз, жылы, суық, көктемгі).</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</p>	<p>Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды аспанмен байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құмды жолға себу).</p>	<p>Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы түрінен атап, ажырата білуге үйрету, олардың әдеттерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда әкелетінін білу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарға ұя салу).(еңбек дағдылары)</p>	<p>Ауа температурасын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: Балаларға ауаның температурасын байқауға үйрету.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ересектермен бірге ауланы сыпыру). (еңбек дағдылары)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Аю мен аралар". (дене</p>

	<p>салу).(еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз тамшылармыз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қос қатар құруды, кең шеңбер құруды үйрету; ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігін, жылдам реакциясы мен тапқырлығын жаттықтыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Үшінші артық".(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.</p>	<p>(ауланы тазарту).(еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбек жасау қабілетін жетілдіру, жасалған жұмыстан қанағат алуды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Маралдарды аулау". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамытуға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту (жүру), зейінді дамыту, қимылдарды</p>	<p>(еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекеттерін дұрыс орындауға, еңбек майданын үлестіруге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тегіс жолда". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: баяу қалыппен жүруді, секіріп, тізе бүгуді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Тар жолда". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ептілікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тез ал, тез қой", "Жұбыңды қуып жет". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: спорттық ойындарға қатысу дағдыларын дамыту, физикалық дамуға ықпал ету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Сарбаздар" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жорық жаттығуларына жаттықтыру (педагогтің белгісі бойынша бағанаға бірінен соң бірі сапқа тұру).</p>	<p>шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Доп лақтыру". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: күш сала отырып, ептілікті дамыту.</p>
--	--	---	--	---	---

		үйлестіру. (дене шынықтыру)			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Екі қоян отырып, Сыр айтады жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз, Тісін берсін қасқырдың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Ұйқыашар жаттығулары. Керует жанындағы жаттығулар "Құстар"</p> <ol style="list-style-type: none"> "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 				

	4. "Кұстар көңілденіп жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. (дене шынықтыру)				
